# Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 шілдедегі N 751 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы N 1291 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 3 шілдедегі N 695 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.07.03 N 695 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **Қ АУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияны құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 шілдедегі № 751 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2004 ж., № 27, 353-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

| | |
|---|---|
| Әбдірахымов Ғабидолла Рахматоллаұлы | - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің Басшысы, төраға, |
| Федоров Олег Анатольевич | - Қазақстан Республикасының Ішкі істер вице-министрі, |
| Тәжияқов Бисенғали Шамғалиұлы | - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары (келісім бойынша); |

мына:

"Қуанғанов Фархад Шаймұратұлы - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі

Тілеубеков Ғани Өтенұлы - Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің Құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімі меңгерушісінің орынбасары (келісім бойынша)"

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"Қуанғанов Фархад Шаймұратұлы - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жауапты хатшысы

Тілеубеков Ғани Өтеұлы - Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Ақпараттандыру және ақпараттық ресурстарды қорғау бөлімінің меңгерушісі (

келісім бойынша)";

көрсетілген құрамнан Сағынтаев Бақытжан Әбдірұлы, Шпекбаев Алик Жатқамбайұлы, Әлжанов Батырбек Асылбекұлы шығарылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК